

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Аягөз қалалық №2 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК

Топ: «Кұлыншақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09-15.09.2023ж

Педагогтың аты-жөні: Абдулланова С.А

Әдіскер: Альсеитова Г.М

Тексерілді: *Альсеитова Г.М*

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.09.2023ж	Сейсенбі 12.09.2023ж	Сәрсенбі 13.09.2023ж	Бейсенбі 14.09.2023ж	Жұма 15.09.2023ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Бір-бірімізге қол беріп Айтамыз жақсы сөз жөн көріп Қалмаймыз тек іркіле Сыйлаймыз жыл күлкі	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатқыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндерде баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Жатқа білер дос атын, Дос бар бізді тосатын. Балабақша біздің үй. Басымызды қосатын Саусақпен ойнаймыз: «Құлып» Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету Коммуникативтік дағдылар</p>	<p>Дидактикалық ойын «Не артық?» Міндеті Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Танымдық дағдылар</p>	<p>Дидактикалық ойын «Бағдаршам не дейді?» Міндеті байланыстырып сөйлеу дағдысын меңгеру Коммуникативтік дағдылар</p>	<p>Саусақпен ойнаймыз: «Қоян інде» Ақ қоян-ау, ақ қоян, Үркек қоян, сақ қоян, Дыбыс шықса қашасың. Міндеті Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Коммуникативтік дағдылар</p>	<p>Дидактикалық ойы «Қауіпті заттар» міндеті қоршаған о заттары жайлы түс қалыптастыру Әлеуметтік дағды</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыр және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ретгілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымь жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек</p>				

	әрекеті) кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамактанып болғаннан кейін алғыс айту				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Қоршаған ортамен таныстыру	Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыра білу, Құрастыру	қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Сурет салу	(текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) аттарын атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша тандау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау Құрастыру	Ермексаздың, сазбалшықтың, камырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: әр түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу Мүсіндеу
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тындауға ынталандыру,	Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның,	Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-	Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан,

	<p>жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Дене шынықтыру</p>	<p>музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыка</p>	<p>тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру Дене шынықтыру</p>	<p>қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз) Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?»</p>	<p>үрленген доптарда (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; Дене шынықтыру</p>
--	--	--	--	---	--

				<p>«Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, менгеруші, жақсы, жұмыс істейді) Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, конжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз) Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «Ы», «Ұ», «Ү»</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>дыбыстарын дұрыс атау. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Әже, ата, әке, ана, іні, сінді, туыс, екеу, үшеу, мейрімді)</p> <p>Музыка аландамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды</p>	
--	--	--	--	---	--

				көрсетумен және кимылдармен сүйемелдеу, казактын ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату	
«Торғай ұшты» Аяқты алшак қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен-жоғары бұру	«Гүлдің ашылуы» Аяқтары алшак қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет қайталау.) Дене шынықтыру	Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әнгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. сөйлеуді дамыту	Дидкатикалық ойын «Ойыншық неден жасалған» Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру санау, жұптастыру «Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу кемейту амалдарын үйрету	«Арқан созу» Аяқты алшак, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- қолымызды жоғары сол қолды төменге қарай созу. 3-4 кимылды керісінше жасау.	
Дене шынықтыру Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу. Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну. сөйлеуді дамыту, сурет салу, мүсіндеу Кітаптарда ойыншығының суреті барма қарау. Ертегіде ойыншығы туралы айтыла ма анықтау. көркем әдебиет Дидактикалық ойын «Кім	«Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын	Сол ойыншықтардың суретін салу. сурет салу Қуыршақ туралы такпақ жаттау	математика негіздері «Асық» ойыны дене шынықтыру Орамалдан бөпе жасау. құрастыру Музыка	/6 рет қайталау/ Дене шынықтыру «Менің отбасым» отбасы мүшелерін атау көркем әдеби (мен бақытты бала)	

	<p>екенін тап» көздерін жұмып, қолдарымен қоржындағы ойыншықты тауып, атау. Ретімен, кері қарай санау математика негіздері</p>	<p>жасайды. құрастыру Ойыншық жасау үшін қажетті заттар тізімін дайындау. қоршаған ортамен танысу Ол ойыншықпен қалай ойнауға болатынын әңгімелеу. сөйлеуді дамыту Ол ойыншықтың қандай болып шығатынын ойланып суретін салу. сурет салу</p>	<p>көркем әдебиет «5 ке дейінгі сикырды сандар» Тура жіне кері санау математика негіздері</p>	<p>Педагог жетекшілігімен «Сүйікті ойыншығым» жапсыру</p>	<p>сурет салу</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құр жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p>				

Серуен

<p>Картотека:1 Бакылау: Жаңбырды бакылау. Максаты: Жаңбырды бакылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек : Ағаш түптерін копсыту. Максаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл кандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден күйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Максаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін</p>	<p>Картотека:2 Бакылау: Бұлтты бакылау. Максаты: Бұлттын түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будак,кабатты бұлиларды ажырату . Еңбек : Ауладағы гүлдерді суару. Максаты: Балаларды коршаған әлемге камқорлықпен карауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге кайтар су болып. (Бұлт) Максаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту,</p>	<p>Картотека:4 Бакылау: Желді бакылау. Максаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру . Еңбек : « Әдемі гүлдер » Максаты: Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге камкор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Такпақ. « Жел » Максаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы</p>	<p>Картотека:5 Бакылау: Көше дегі машиналарды бакылау. Максаты: Көше дегі машиналардың жүрісін бакылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға карсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек : Ағаш түптерін копсыту, су құю. Максаты: Табиғатты аялай</p>	<p>Картотека:6 Бакылау: Құстарды қысқы тіршілігін бакылау. Максаты: Құстарды күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жакқаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыста қалатындығы туралы түсінік беру . Еңбек : « Біздің ойыншықтар » . Максаты: Ойыншарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпақ « Құстар кайтып барады » . Максаты: Балалар тақпақ жаттату</p>
--	---	--	---	---

<p>арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p> <p>Қимылдық ойын: « Сұр қоян » .</p> <p>Ойын барысы: Ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:</p> <p>Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүггендеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне</p>	<p>дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p>Қимылдық ойын: « Соқыр теке » .</p> <p>Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде, аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған « соқыртеке » жіберіледі. Қалғандары оны « соқыртеке бақ-бақ »,- деп мазақтап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл</p>	<p>тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.</p> <p>Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-ғу-ғу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.</p> <p>Қимылдық ойын: « Орамал тастау » .</p> <p>Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме</p>	<p>білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу</p> <p>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоры молайту.</p> <p>Қимылдық ойын: « Ақ қояным »</p> <p>Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін</p>	<p>арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.</p> <p>Қазан толы Дәулет қорын қала, Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады.</p> <p>Қимылдық ойын: « Жүзік сал</p> <p>Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету.</p> <p>Қимылдық ойын: « Сымсыз телефон »</p> <p>Ойын барысы: Балалар с түзеп тұрады. Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі</p>
---	---	--	--	---

жақындай береді(қонакка келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады.

Балалардың өз бетімен ойнауы:

1. Сазбалшықтан « қала » құрастырайық.
2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік .

тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыртек » болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.

Дербес ойындар:

1. Әткіншектебу.
2. Тартылғышқа тартылу.

айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқа бала оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс. **Дербес ойындар:**

1. « Желмен жарысайық »
2. « Менің әдемі үйім » (құрастыру)

ширату, көңілдерін көтеру.

Қимылдық ойын: « Ұшты-ұшты »

Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » , - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту

көршісіне сыбырла естіген сөзін жеткіз солай соңғы адамға дейін жалғасады. Аяқпенді ойын басқару соңғы адамнан бас әлгі айтылған сөзді сұрайды. Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді. Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.

Дербес ойындар:

1. Тығылыспақ

Серуеннен оралу

Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киет аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес ойын әрекеті**).

Түскі ас

Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгі

	дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Асты дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекі)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немес арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ір және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ір және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру құрастыру	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар мүсіндеу	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. қоршаған ортамен танысу	Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу қоршаған ортамен танысу, музыка	Жәрмеңкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу қоршаған ортамен танысу, құрасты
Балалармен жеке жұмыс	Заттардың сапасы мен қасиеттерін: сипау, дәмін	Ересектерге көмек көрсетуге	Балаларға арналған	Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын	Берілген дыбыст дұрыс

	тату және есту арқылы танытамын.	ынта білдіруге үйрету.	музыкалық аспаптарды ажыратуға және атауға үйрету.	игеруді қалыптастырамын.	айтуды, сөздегі бірінші дыбысты анықтап айтуды жаттықтыру
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуен балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері кәсіп тәртібін сақтауын аңалардан талап ет